

РУБРИКА

ЭКОНОМИКА РК

М.Д. Тінәсіл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА DAҒДАРЫC JAҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ең алдымен, жалпы жер шарын алаңдатқан қаржылық дағдарыс неден басталды? Оның әлемдік нарыққа келтірген шығыны қаншалықты? Қазақстандық экономиканы «қаржылық дағдарыстың» үсігі шалмас үшін біздің билік пен ескеруі тиіс? Халықаралық қаржы қорының Қазақстан мен оған көршілес жатқан өзге де орталықазиялық елдерде экономикалық саясатты күшейте түсуге кеңес беруі не себепті? Әлемдік нарықтың қазіргі жағдайы халықаралық сарапшыларды шынымен алаңдатып отыр. АҚШ Федералдық қор жүйесінің бұрынғы жетекшісі Алан Гринспен: «Бүгінгі дағдарыс – XX ғасырдың ең күшті қаржылық дағдарысы» деп мәлімдеді. Кезінде инвесторлардың көзін қызықтырып, активтердің бірінен кейін бірін сатып алуға жетелеген қомағайлықтың соңы байлардың қолындағы барынан айырылып қалу қаупіне ұласқан. Дүниежүзілік нарықтағы ахуалды 1987 және 1998 жылдардағы дағдарыстармен салыстырған Гринспен 1837 және 1907 жылдардағы банк саласындағы қиын кезеңді еске алды. Жалпы халықаралық қор нарығындағы жағымсыз жайттар Американың ипотека нарығындағы ахуалмен тығыз байланысты. Ипотекалық делдалдардың төлемдердің уақытылы өтелмеуінен есі шықты. Қаржыларының басым бөлігін ипотекаға қатысты құнды қағаздарға салған қорлар құлдыраудың шарықтау шегіне жетті. Ең сорақысы, америкалық ипотекалық дағдарыс барлық халықаралық сауда алаңдарына кесірін тигізді: Ұлыбритания, Франция, Германия мен Азия елдерінің биржалық индекстері күрт төмендеді. Ірі инвесторлар банкротқа ұшырамас үшін ресейлік активтерге салған ақшаларын қайтарып алып, америкалық қазыналық қағаздарға ауыстыра бастады. 1987 жылдың 19 қазанында АҚШ-тың негізгі қор индикаторы Лоу Джонестің көрсеткіші 22,6 пайызға бірақ төмендегенде «жаңбыр жаумай жатып су болған» инвесторлар байбаламға басқан еді. Осының салдарынан еуропалық және азиялық биржалар күтпеген жерден төменге қарай құлдылап, гонконгтық биржа 1 апта бойы жұмыс істеген жоқ. Алайда, қаржылық дағдарысқа Жапония ғана селт етпеді. Сарапшылар пікірінше, сол кездегі дағдарыстың тарихи маңызы, бүкіләлемдік экономикалық және қаржылық билік Американың қолынан Жапонияға өтті. Қазірдің өзінде жапондар тұтынудан гөрі өндіруге көңіл бөлсе, АҚШ керісінше, өндіруден гөрі тұтынуға ден қойған. Сондықтан Жапония шет мемлекеттердегі активтерін үстемелей түсіп, Америка қарызға белшеден батқан үстіне батты. Алайда, көп кешікпей жапондар да сазға отырды. Өйткені, 1998 жылғы дағдарыс азиялық қор нарығындағы құлдыраулардан басталған болатын. 1997 жылдың күзінде Таиланд пен Гонконгтың қор нарығында орын алған тұрақсыздық 1998 жылғы дағдарысқа ұласып, Жапония, Индонезия мен Оңтүстік Кореяның қор нарығына кері әсер еткен. Сол жылы Ресей ГКО бойынша дефолт жариялады. Орыстардың ұлттық валютасы – рубльдің бағамы күрт төмендеп, Ресейдегі шетелдік инвесторлар орыстардан сырт айналды. Бірақ әлемдік нарықтағы мұнай мен газ, металл бағаларының өсуі инвесторларды орыстармен қайта «қауыштырды». 2007 жылы халықаралық қор қайтадан қиын кезеңді басынан өткере бастады. Сарапшылар пікірінше, Американың ипотекалық дағдарысы қытайлық экономиканың өсу қарқынына кесірін тигізуі

мүмкін деген жорамалдары болатын. Ал, бұл әлемдік нарықтағы шикізат бағасының төмендеуіне ықпал етті.

Сол себепті, активтердің бірінен кейін бірін саудаға шығару, банктердің банкротқа ұшырау қаупі несиелеу нарығындағы дағдарысқа әкеп соғары сөзсіз. Өткен жылдарда АҚШ долларының бағамы күрт төмендеді (мысалы доллар бағамы жапондық иенмен салыстырғанда, 18 айлық көрсеткішке бір-ақ әлсіреген). Оған тәуекелге арқылы пайдаға шаш-етектен кенелуді әдетке айналдырған инвесторлардың Федералдық қор жүйесі пайыздық ставканы мүмкіндігінше төмендетеді деген сенімдері себеп болған. Бірақ доллардың иенге шаққандағы шығыны спиралдық жүйе бойынша көз ілеспес шапшаңдықпен өсе бастағанда үрейге бой алдырған инвесторлар байбаламға басты. «Аузы күйген үріп ішедінің» керін келтірген инвесторлар енді қаржыларын ақша нарығының сенімді активі – EPFR-ге салуды қолға алды. Ресми деректерге сүйенсек, 2007 жылдың 1-7 қарашасында ақша нарығына түскен инвесторлар қаржысы 20,5 миллиард доллардан асқан. Ал тамыз айындағы есеп бойынша, бұл көрсеткіш 100 миллиард долларға жуық. Қаржының басым бөлігі облигация нарығы мен шикізаттық инвестициялық нарығында қаржы қордаланып қалған дамушы елдерден келді деген болжам бар. Доллардың әлсіреген бағамынан, АҚШ-тың бәсеңдеген экономикасынан, дағдарыс жайлаған нарықтан араша іздеген инвесторлар қолдағы мол қаржысын желге ұшырып алмаудың әдіс, айласын іздеп әлек. Халықаралық облигациялар қоры өзіне кеп құйылған қаржы ағыны туралы алғаш рет ақпарат таратты. EPFR тарапынан берілген деректерге сүйенсек, дамушы елдердің акциялар мен облигациялар қоры соңғы бір аптада 2,69 миллиард доллар көлемінде таза пайда түсірген. Ал, АҚШ-тың акциялық қорынан инвесторлар керісінше, 8,44 миллиард доллар қаржысын алып кеткен. Бұл еуропалық және жапониялық қаржы нарығының әлсіреуін жеделдете түсті. Сонымен қатар инвесторларды ірі экономикалық жобалар да қызықтыруда. Мысалы, соңғы кездері Бразилия, Корея, Қытай мен Ресей қорларына салынған қаржы 878 миллион доллардан асқан. Алайда, Халықаралық қаржы қоры Кавказ елдері мен Орталық Азиядағы Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан сияқты басқа да мемлекеттердің қаржылық саясатында қатаң шаралар қабылдауға кеңес береді. Қап тауының етегіндегі елдер мен орталықазиялық аймақ дүние жүзі бойынша экономикалық тұрғыда жедел дамып келе жатқан мемлекеттер қатарында. 2007 жылы жалпы ішкі өнім деңгейі орташа есеппен алғанда, 13 пайызға жеткен. Шетелдік инвесторлар қаржы-сының аталған аймаққа үздіксіз құйылуы мен халықаралық нарықтағы азық-түлік бағасының қымбаттауы кейінгі кездері инфляция деңгейінің тез өсуіне әсер етті. Осыдан екі жыл ғана бұрын 12 пайыздан асып кеткен инфляция ауыздықталды. Халықаралық қаржы қоры «қымбатшылықтың үсігіне» шалынбас үшін кейбір елдерге пайыздық ставкаларды өсіру және ұлттық валютаның күшеюіне мүмкіндік беретін шетелдік валюта нарығындағы бағам-дық арақашықтықты азайту керектігін айтады. Сонымен қатар мемлекеттік шығындарды да мүмкіндігінше азайта түскен жөн. Әлемдік сарапшылар пікірінше, экономикалық саясатты күшейткен кезде ғана аймақтағы экономикалық дамуын одан ары жақсартуға болады.

2003-2007 жылдары әлемдік қаржы жүйесі орталық банктердегі ставкаларды тарихта бұрын-соңды болмаған төмен көрсеткішпен ұстап тұрған болатын. Әрине, бұл бағытта қолданылған тәсілдер түрлі болды. Бірақ мамандар пікірінше, ең негізгі үш шара болды. Біріншісі, банктік несиелерді құнды қағазға айналдыру. Сатып алуға ниеттенген инвесторлар санының көптігі нәтижесінде іс сәтті өтіп, банк баланстары босады, бұл несиелеудің көбеюіне ықпал етті. Алайда тым күрделі саналатын несиені құнды қағазға айналдыру тәсілі Америкадағы ипотекалық дағдарыстың кесірінен тоқырауға ұшырап тұрды. Екіншісі, жекеменшік кәсіпорындарды олардың қарыздарымен бірге сатып алу арқылы ұлғаю. Бұл компаниялар несиені инвестицияның бастау көзі ретінде пайдаланып, кәсіпорындарға тиесілі акциялардың бақылау пакеттерін сатып алды. Несиелік нарықтағы дағдарыс бұл шараны да тоқтатып тастады. Үшіншісі, carry trade валютасын саудаға шығару. Аталған тәсіл жапондық иен арқылы қаржыландырылған болатын. Өкінішке қарай, carry trade те күткен нәтижені

бере алмады. Президент Назарбаев Үкіметке қаржылық дағдарыстың алдын алуға қатысты шараларды жан-жақты қарастыруға пәрмен берген еді.

Жоғарыда айтылған қаржылық дағдарыстарды дер кезінде тежеудің мәселелерін жүзеге асырудың арқасында, мемлекетіміз жиырма жыл ішінде Орта Азия аймағында көш бастап, дамушы елдердің қатарынан орын алды, бүкіл әлемнің қазақ халқын мақұлдады. Себеп, егер 1994 жылы әр адам басына шаққандағы тұтыну өнімі бар болғаны 700 долларды құраса ал 2010 ж. 9000 долларды құрады, яғни бұл көрсеткіш 12 есеге артты, орта айлық 5,5 есе, зейнетақы 4 есеге артып отыр. Осы 1994-2010 жылдардағы басқадай мемлекеттердің экономикалық өркендеуіне салыстырмалы көз жүгіртетін болсақ жоғарыдағы біздің мемлекетіміздің даму процестерінен әлде қайда артта келеді. Оған дәлел ішкі тұтыну мөлшері Оңтүстік Кореяда бар болғаны – 3 есе, Малазияда – 2 есе, Венгрияда – 5 есе, Польшада – 4 есе артып отыр. Егер 2000 жылы Қазақстан халқының резерві бар болғаны 2 млн. доллар болса, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 60 млн. долларды құрады. Өткен жылы құрылған Беларусь, Ресей және Қазақстан Кедендік Одақтың да өз жемісін бере бастады. Мысалы осы аталған екі мемлекеттің сауда көлемі – 38 %-ға, ал өнімдерді экспортқа шығару көлемі 52.4 %-ға артып отыр.

Осының барлығы да Елбасымыздың сарабал саясатының негізінде жүзеге асып отырған бейбітшілік пен ұлтаралық татулықтың арқасы. Күні кеше ғана тәуелсіздігін алған Қазақстан, бүгінде экономикасы қарыштап дамып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарып, дамыған елдермен бәсекеге түсетіндей дәрежеге жетті. Қазақстан Республикасы дүниежүзіндегі 110 елдің ішінде 50 елдің қатарына қосылды. Атап айтқанда мұның барлығы елбасымыздың жасаған стратегиялық бағытының дұрыстығының тағы бір дәлелі. Әр жылдың басында Елбасымыз халыққа өзінің дәстүрлі Жолдауын жолдайды. Сол дәстүрге сәйкес 2011 жылы 28 қаңтары күні өзінің Жолдауын жариялады. Биылғы жылғы Жолдаудың ерекшелігі 2010 жылдың жұмыстарына және соңғы онжылдыққа қорытынды жасап, еліміздің алдағы 2020 жылға дейінгі стратегиялық бағытын айқындап берді. Алдағы он жылдықта атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарын көрсетті. Елбасының тікелей тапсырмасымен 2009-2010 жылдардағы жүзеге асқан «Жол картасы» бағдарламасының арқасында дағдарыстан еңсемізді түсірмей, керісінше экономикалық өсумен өтіп, жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың әлеуметтік жағдайы біршама жақсарды. Оған дәлел Биылғы жолдауда «Жол картасы» бағдарламасы өз жалғасын тауып, тағы да жаңа жұмыс орындары ашылып, 600 жаңа үлкенді-кішілі кәсіпорындар ашылды жүзеге асатыныны жайлы айтылды. Білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Отандық ғылымды дамыту мақсатында арнайы зерттеу университеттері құрылады және қомақы қаржы қоры құрылатын болды. Бұл қорды құрудың мақсаты өз отандық ғалымдардың мәртебесін көтеру арқылы индустриалды-инновациялық жаңа өнеркәсіп орындарына ғылыми түрде зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін интерациялау арқылы өнімнің табыстылығын арттыру және шетелден профессор-ғалымдарды шақыртып, олардың тәжірибелерін ұштастыру арқылы, жаңа ғасырда бәсекеге қабілетті 2-жоғарғы оқу орнын дүжүниежүзі бойынша алдыңғы қатарлы оқу орнына айландыру, индустриалды инновациялық бағдарламаға сай білімді жаңа маман дайындау болып табылады.

Сонымен қатар он екі жылдық білім беру жүйесін жүзеге асырып, жоғары оқу орындарын халықаралық деңгейге көтеру керек екендігі жайлы тағы да қосымша міндет қойды. Индустриалды өнеркәсіптік объектілердегі жұмысшыларды тегін оқытатын болды. істейтін Еліміздің ауыл шаруашылық саласы өткен жылдармен салыстырғанда біршама жақсарғанын, дегенмен 2020 жылға дейін ауыл шаруашылығын одан әрі көтеру міндетін жүктеді.

Биылғы жылдың басынан бастап, зейнеткерлердің зейнетақысы мен жүкті аналарға берілетін жәрдемақы өсіп, халықтың көңілі бір көтеріліп қалды. Бәрін айтта, бірін айт мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы мен студенттердің шәкіртақысы жоспар бойынша шілде айынан бастап 30 пайызға көтерілетін болды.

Бұл жаңалық Елбасының барша халыққа жасаған сыйы болды. Жұмыс болып, жалақы жоғары болса халықтың көңілі толық болатыны анық. Оған қоса мемлекеттік маңызы бар Батыс-Қытай, Батыс-Европа транс-магистральдық жобасына 3 млрд. ақш доллары бөлінді.

Бұл дегеніміз – жаңа төрт мың жұмыс орны ашылып, жұмыссыздар санының азаюына өз септігін тигізетіні анық. 2011 жыл барша қазақстандықтар үшін маңызды жыл екені баршаңызға мәлім. Ол Қазақстан Республикасының жиырма жылдығы. Ендігі маңызды мәселе, стратегиялық идеяларды идеологиялық тұрғыда сапалы және жүйелі түрде жүргізуді қамтамасыз ету және оны барша халыққа жеткізу шарасы түр.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абен А.С. – доктор PhD КазНУ им. аль-Фараби

Аметова З.А. – PhD student of Kazakh National University named after Al-Farabi

Атчабаров А.М. – к.э.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби

Ахметова З.Б. – к.э.н., ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

Баймұханова С.Б. – э.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бейсенбаева А.К. – э.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бекмурзаев Б.Б. – магистрант КазНУ им. аль-Фараби

Данabayeva R. – PhD student of Kazakh National University named after Al-Farabi

Досова С.Н. – магистр, ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

Ishuova Zh. Sh. – PhD student of Kazakh National University named after Al-Farabi

Кенжегаранова М.К. – Международная Академия бизнеса

Козут О.Ю. – ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби

Миhtarova K.S. – professor of Kazakh National University named after Al-Farabi

Мултыкбаева А.Т. – PhD student of Kazakh National University named after Al-Farabi

Нұргалиева Г.Қ. – э.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қондыбаева С.Қ. – PhD докторанты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Оңдаш А.О. – докторант PhD КазНУ им. аль-Фараби

Садыкова С. – магистрант КазНУ им. аль-Фараби

Сансызбаева Г.Н. – д.э.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

Тинасилов М.Д. – д.э.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

Товма Н.А. – доктор PhD, к.э.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби

Тулегенова М. – д.э.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

Уркумбаева А.Р. – к.э.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби

Шерханов К.К. – магистрант КазНУ им. аль-Фараби